

Екібастұз қаласы қаланың жергілікті атқарушы органы резервінің қаражатын пайдалану қағидаларын бекіту туралы

Күшін жойған

Екібастұз қалалық әкімиятының 2003 жылғы 29 сәуірдегі N 272/4 қаулысы. Павлодар облысының Әділет басқармасында 2003 жылғы 30 мамырда N 1849 тіркелді. Күші жойылды - Павлодар облысы Екібастұз қаласының әкімдігінің 2009 жылғы 27 шілдедегі N 447/8 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Павлодар облысы Екібастұз қаласының әкімдігінің 2009 жылғы 27 шілдедегі N 447/8 қаулысымен.

Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы" Заңына, 1999 жылғы 1 сәуірдегі "Бюджет жүйесі туралы" Заңына, Павлодар облысы әкімдігінің 2002 жылғы 8 қаңтардағы "Облыстың жергілікті атқарушы органы резервінің қаражатын пайдалану қағидаларын бекіту туралы" N 3/1 қаулысына сәйкес, қала әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕ**
Д І :

1. Қоса беріліп отырған қаланың жергілікті атқарушы органы резервінің қаражатын пайдалану қағидалары бекітілсін.
2. Осы қаулының орындалуын бақылау қала әкімінің экономика мәселелері жөніндегі орынбасары Б.Қ.Құспековке жүктелсін.

Е к і б а с т ұ з қ а л а с ы н ы ң

әкімі

Екібастұз қаласы әкімдігінің
2003 жылғы 29 сәуірдегі
"Қаланың жергілікті атқарушы
органы резервінің қаражатын
пайдалану қағидалары туралы"
N 272/4 қаулысымен
бекітілген

Қаланың жергілікті атқарушы органы резервінің қаражатын пайдалану Қағидалары

1.Жалпы ережелер

Қаланың жергілікті атқарушы органы резервінің қаражатын пайдалану қағидаларында мынандай ұғымдар қолданылады:

1) қаланың жергілікті атқарушы органының резерві-қалалық бюджетте тиісті қаржылық жылға көзделген және қала әкімдігінің қаулысына сәйкес бір жолғы сипаттағы күтілмеген шығындарды қаржыландыруға бөлінетін қаржы;

2) көлденең шығындар-үстіміздегі қаржылық жылы қалалық бюджетті құрастыру кезінде жоспарлауға мүмкіндік болмаған және тосын жағдайда пайда болғандықтан, үстіміздегі қаржы жылы кідіріссіз қаржыландыруды талап ететін шығындар;

3) қаланың жергілікті атқарушы органының міндеттемелерін өтеу үшін қалалық жергілікті атқарушы органы резервінің құрамындағы қаражат-қаланың жергілікті атқарушы органы резервінің құрамында қарастырылған және жергілікті атқарушы органдардың сот шешімдері жөніндегі міндеттемелерін өтеуге жергілікті бюджеттік бағдарламалар әкімгерлеріне бөлінетін қаражат;

4) қаланың жергілікті атқарушы органының резервінің қаражатын алушы-жергілікті бюджеттік бағдарламалардың әкімгерлері немесе қаланың әкімі.

2. Қаланың жергілікті атқарушы органының резервтік қаражатынан қаржыландырылатын күтілмеген шығындарға келесі шаралар жатады:

1) табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайларды жою, оған енетіндер:

төтенше жағдай туындау нәтижесінде зардап шеккендерге материалдық көмек көрсету;

зардап шеккендер үшін уақытша тамақтану және тұрақ пункттерін құру және ұстау;

апатты қалпына келтіру және апаттан құтқару шұғыл қимылдау бөлімшелерін қосымша құралдармен және жарақтармен, техникалық құтқару құралдарымен жабдықтау;

төтенше жағдай аймағына күштер мен құралдарды тасымалдау;

2) қаланың жергілікті атқарушы органдарының сот шешімдері жөніндегі міндеттемелерін өтеу;

3) қала әкімдігінің қаулыларымен анықталған басқа да көлденең шығындар.

2. Қаланың жергілікті атқарушы органы резервінің қаражатын бөлу мен пайдалану тәртібі

3. Қаланың жергілікті атқарушы органы резервінен қаражат бөлуді бұл мақсатқа сәйкес қаржылық жылға қалалық бюджеттің шығыс құрамында бекітілген заңнамалармен белгіленген тәртіп пен көлемдерде жүргізілетін

қаржыландырылуды ашу арқылы қалалық қаржы басқармасы жүргізеді.

4. Қаржыландыру заңнамалармен белгіленген тәртіп бойынша қала әкімдігінің қаулысы негізінде жүргізіледі, онда алушы ретінде бөлінетін қаражаттың көлемі мен оларды пайдалану мақсаты, сонымен қатар қайтарылу негізінде бөлінген қаражат болса, оларды беру шарты және қайтару мерзімі көрсетіледі.

5. Қаланың жергілікті атқарушы органының резервінің қаражаты қатаң түрде мақсатты пайдаланылуға тиісті және осы Ережелерде және қала әкімдігінің осы резервтен қаржы бөлу туралы қаулыларымен ескерілмеген мұқтаждарға пайдаланылмайды.

6. Қала әкімдігінің жергілікті атқарушы органының резервінен қаражат бөлу туралы қаулыларын даярлағанда келесі шарттар ескерілуі тиісті:

1) ағымдағы қаржылық жылы қалалық бюджетте қаржылардың бөлінбеуі;

2) ағымдағы қаржылық жылы қаланың жергілікті атқарушы органы резервінің қаражатына қажеттіліктің туындауы, бірақ оған қажеттілік қаланың жергілікті атқарушы органының сот шешімдері жөніндегі міндеттемелерін өтеу қаражаттарынан басқа жағдайда болмаса, алушының бұрынғы міндеттемелерімен байланысты болмауы керек.

7. Қала әкімдігінің жергілікті атқарушы органының резервінен қаражат бөлу туралы қаулылары жыл аяқталғанға дейін қала әкімдігінің сәйкес қаулысы негізінде өз күшін жояды.

3.Табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайларды жоюға қаражат бөлу

8. Табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар туындаған кезде қаланың жергілікті атқарушы органының резервінен қаражат бөлу туралы өтініштерді қала бойынша төтенше жағдайлар жөніндегі басқарма қарайды. Мұнда төтенше жағдай жергілікті көлемде болу керек.

9. Беру тәртібін және негіздеме материалдардың тізбесі мен есептеулерді қала бойынша төтенше жағдайлар жөніндегі басқарма анықтайды.

10. Табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайларды жою қажет болған жағдайда қала бойынша төтенше жағдайлар жөніндегі басқарма заңнамамен белгіленген тәртіп бойынша қала әкімдігінің қарауына төтенше жағдайларды жоюға қаражат бөлу туралы қаулының жобасын ұсынады.

4.Қаланың жергілікті атқарушы органының сот шешімдері жөніндегі міндеттемелерін өтеуге қаражат бөлу

Сот шешімдері бойынша төлем жасауға міндетті жергілікті бюджеттік бағдарламалардың әкімгерлері қолданылып жүрген заңнамалармен ескерілген негіздер болған жағдайда аталған шешімдерге барлық сот деңгейлеріне
ш а ғ ы м д а н а а л а д ы .

12. Қала әкімдігінің қаланың жергілікті атқарушы органының сот шешімдері жөніндегі міндеттемелерін өтеуге қаражат бөлу туралы қаулысының жобасын заңнамалармен белгіленген тәртіп бойынша жергілікті бюджеттік бағдарламалардың әкімгерлері даярлайды.

13. Басқа күтілмеген шығындар үшін қаланың жергілікті атқарушы органының резервінен қаражат бөлу үшін жергілікті бюджеттік бағдарламалар әкімгерлері қалалық қаржы басқармасына сәйкес негіздемелері және есептерімен қоса қаражат бөлу туралы өтініш тапсырады.

Өтінішті қарағанда табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайларды және басқа да күтілмеген шығындарды жоюға арналған қаржыларды үнемді пайдалану мақсатында, қаржы жылы бойы қаланың жергілікті атқарушы органының резервінен басқа күтілмеген шығындарға бөлінетін қаражаттың сомасы әр ағымдағы тоқсанда қалалық бюджетте табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайларды және басқа да күтілмеген шығындарды жоюға ескерілген жылдық соманың 25% аспауы керек. Мұнда қала әкімдігінің табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайларды және басқа да күтілмеген шығындарды жоюға қаланың жергілікті атқарушы органының резервінен қаражат бөлу туралы бұрын қабылданған қаулылары есепке алынады.

15. Қорытынды қанағаттанарлық болған жағдайда жергілікті бюджеттік бағдарламалар әкімгерлерінің өтінішімен қала әкімдігінің табиғи және

техногендік сипаттағы төтенше жағдайларды және басқа да күтілмеген шығындарды жою туралы қаулыны осы әкімгер заңнамамен белгіленген тәртіп бойынша дайындайды.

6. Бақылау және есеп беру

16. Қаланың жергілікті атқарушы органының резервінен қаржы алушылар қаржы бөлінгеннен кейінгі бір күнтізбелік ай ішінде қалалық қаржы басқармасына олардың пайдалануы, көлемі және құны туралы есеп тапсыруға т и і с т і .

17. Қалалық қаржы басқармасы ай сайын қаланың жергілікті атқарушы органына сәйкес кезеңге қаланың жергілікті атқарушы органы резервінің қаражатының пайдаланылуы және оның қалдығы туралы ақпарат тапсырады.

18. Қаланың жергілікті атқарушы органының резервінің қаражатын мақсатсыз пайдаланғаны үшін алушы қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген тәртіп бойынша жауапкершілікке тартылады.

19. Қалалық қаржы басқармасы қаланың жергілікті атқарушы органы резервінің қаражатының мақсатты пайдалануына бақылау жасайды.